

Балалар: - қызыл, сары, жасыл

Бағдаршам: - Оның түстері нені білдіреді?

Балалардың жауабы.

Қызыл көзі жанғанда

Қалт тоқтай қал табанда

Сары көзі жанғанда

Сақ абай бол барынша

Жасыл жарық жол ашық,

Жүгіре бер бел асып

Бас аяқты ойлап,

Бол ұқыпты жолда

Дидактикалық ойын: «Бағдаршамның көздерін орналастыр»

1) Бағдаршамның қызыл түсін көрсету.

Балалар орындарынан тұрады.

2) Бағдаршамның сары түсін көрсету.

Балалар екі жаққа кезек - кезек дайындалады.

3) Бағдаршамның жасыл түсін көрсету.

Аяқтарын топ - топ басады.

Бағдаршам: Сау болындар балалар. Сендер өте ақылды екенсіңдер ендеше мен жол тәртібін қадағалайын. Сабакқа жақсы атсалысқандарың үшін сендерге сыйлық бергім келіп тұр. Жолда абай болындар. Сау болындар!

Қорытынды:

— Балалар бүгін не туралы өттік?

— Бағдаршам туралы.

— Бағдаршамның неше көзі бар?

— Үш көзі бар.

— Қандай?

— Жаяу жүрген кездегі белгілер қандай белгілер?

— Ақ жолақтар.

Жол тәртібін білейік.

Аман - есен жүрейік

Тәрбиеші: Рахмет балалар бүгін сендер өздерінің жол ережесін білетіндерінді көрсеттіңдер. Қай жерде жүрсеңдер де жолда жүру ережесін сақтап, басқаларды да соған шақырындар дегім келеді. Біздің балабақшамызға келіп тұрындар. Сау болындар!